

**А.А. Амангельды\***, **Т.Т. Дюсебаев**

Қонаев Университеті, Қазақстан, Алматы қ.

\* e-mail: aizhan\_amangeldy@mail.ru

## **ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК САЛАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МИРАСҚОРЛЫҒЫ**

Бұл мақала зияткерлік меншік құқығы саласындағы құқықтық мирасқорлық институтын зерттеуге бағытталған.

Құқықтық мирасқорлық, оның ішінде зияткерлік меншік саласындағы мирасқорлық туралы нормалар мен теориялық ережелерді талдау барысында Қазақстандық зияткерлік меншік саласындағы қатынастарды реттейтін заңнаманың олқылығы салдарынан құқық қолдану қызметінде проблемалардың туындайтындығын, аталған саладағы терминологияда анықтамалардың дұрыс берілмегендігін есепке ала отырып, елімізде осы аспектінің жеткілікті зерттелмегендігін көруге болады.

Зияткерлік меншік саласының ғылыми тұрғыда жете зерттелмеуі зияткерлік қызметтің нәтижелерінде, даралау құралдарында, оларға айрықша құқықтарды тануда және құқықтық мирасқорлықтың мазмұнын құрайтын терминдерге дұрыс анықтама беруде тәжірибеде анағұрлым қиындықтар туғызады.

Мақалада автор «құқықтық мирасқорлық» ұғымына анықтама беріп, оны жіктеудің тәсілдерін талдайды. Сондай-ақ, мақалада зияткерлік меншік құқығының ұғымдық аппаратын дұрыс қолдану, Қазақстан Республикасының авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы заңының кейбір мәселелері, зияткерлік меншік саласындағы шарттар мен өзге де аспектілері толық зерттелді.

Атап айтқанда, автор тарапынан «ауысу», «беру», «ұсыну», «билік ету» ұғымдарына басымдық беріледі. Айрықша құқықтар мен цессияны басқаға беру шартының арақатынасы, лицензиялық және авторлық шарттағы ұғымдардың өзара кереғар болуына қатысты туындайтын мәселелерге баса назар аударылған. Автор тапсырыстың авторлық шартын мердігерлік шарт санатына жатқызуға болмайтындығын негіздей отырып, өзіндік ұстанымын білдіреді.

**Түйін сөздер:** зияткерлік меншік құқығы, айрықша құқықтар, ауысу, беру, ұсыну, иеліктен шығару, билік ету.

A.A. Amangeldy\*, T.T. Dyussebaev

Kunaev University, Kazakhstan, Almaty

\* e-mail: aizhan\_amangeldy@mail.ru

### **Succession of intellectual property rights**

This article is devoted to the study of the institute of succession in relation to the field of intellectual property law.

The analysis of norms and theoretical provisions on succession indicates that this aspect has not been studied enough in Kazakhstan, which leads to confusion and ambiguity of terminology, due to the imperfection of legislation regulating relations in the field of intellectual property, problems arise in law enforcement. This situation unwittingly creates significant difficulties for practice regarding the results of intellectual activity, means of individualization, the realization of exclusive rights to them and the correct understanding of the terms that make up the content of succession.

The article analyzes various approaches to the concept of succession, its classification. The article provides a detailed study on such aspects of intellectual property law as the correct application of the conceptual apparatus, problems in the Law of the Republic of Kazakhstan on Copyright and Related Rights, contracts in the field of intellectual property and many others.

In particular, the author substantiates the concepts of «transition», «transfer», «provision», «disposal». Special attention is paid to the problem of the correlation of the contract of assignment of exclusive rights and assignment, inconsistencies in the concepts of license and copyright agreements. The opinion is substantiated why the contract of the author's order cannot be included in the category of contract contracts.

**Key words:** intellectual property right, exclusive rights, transfer, transfer, provision, alienation, disposal.

А.А. Амангельды\*, Т.Т. Дүсебаев

Университет Кунаева, Казахстан, г. Алматы

\* e-mail: aizhan\_amangeldy@mail.ru

### Правопреемство прав в сфере интеллектуальной собственности

Данная статья посвящена исследованию института правопреемства применительно к сфере права интеллектуальной собственности.

Анализ норм и теоретических положений о правопреемстве свидетельствует о том, что данный аспект изучен в Казахстане недостаточно, что приводит к путанице и неясности терминологии, вследствие несовершенства законодательства, регулирующего отношения в сфере интеллектуальной собственности, возникают проблемы в правоприменительной деятельности. Такая ситуация невольно порождает значительные трудности и для практики касательно результатов интеллектуальной деятельности, средств индивидуализации, реализации исключительных прав на них и правильного понимания терминов, составляющих содержание правопреемства.

В статье проанализированы различные подходы к понятию правопреемства, его классификации. В статье проведено детальное исследование по таким аспектам права интеллектуальной собственности, как корректное применение понятийного аппарата, проблемы в Законе Республики Казахстан об авторском праве и смежных правах, договоры в сфере интеллектуальной собственности и многие другие.

В частности, автором обоснованы понятия «переход», «передача», «предоставление», «распоряжение». Особое внимание уделено проблеме соотношения договора уступки исключительных прав и цессии, несоответствия в понятиях лицензионного и авторского договоров. Обосновано мнение, почему договор авторского заказа не может быть включен в категорию договоров подряда.

**Ключевые слова:** право интеллектуальной собственности, исключительные права, переход, передача, предоставление, отчуждение, распоряжение.

#### Кіріспе

Азаматтық құқық теориясында көптеген институттар ғылыми тұрғыда дәйектелген пікір-таластар мен ғылыми ізденістердің мәнін құрайды. Солардың бірі – құқықтық мирасқорлық болып табылады.

Аталған аспектіні қарастырудың маңыздылығы құқық теориясындағы шиеленіскен мәселелерді ғана қамту емес, сондай-ақ, тәжірибелік тұрғыда, заң анықтамалары мен құқықтық тұжырымдардың нақтылығына (бірізділігіне) және құқық нормаларын дұрыс түсінік беруге қатысты туындайтын дауларға байланысты болып отыр. Бұл мақалада зияткерлік меншік саласындағы құқықтық мирасқорлық ережелеріне нақты тұжырым мен анықтама беруге әрекет жасалды.

Құқықтық мирасқорлыққа қатысты сұрақтардың туындауы зияткерлік меншік құқығы аспектілерінің жеткілікті түрде жан-жақты зерттелмегендігімен байланысты. Мәселен, ғылыми терминдердің дұрыс берілмеуі, зияткерлік меншік саласындағы қатынастарды реттейтін заңнамадағы олқылықтардың әлі де реттелмеуі бүгін де қоғамға кері ықпалын келтіруде.

Құқықтық мирасқорлық, оның ішінде зияткерлік меншік саласындағы мирасқорлық туралы нормалар мен теориялық ережелерді талдау барысында Қазақстанда бұл саланың жеткілікті түрде зерттелмеген деп қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Аталған мәселеден елімізде құқықтық мирасқорлық саласындағы зерттеулердің жеткіліксіз екендігін, сондай-ақ, азаматтық айналымда зияткерлік қызмет нәтижелерін және оларға айрықша құқықтарды пайдалану мәселелерінде құқық қолдану практикасы үшін де елеулі қиындықтар туғызатындығын негізге ала отырып, құқықтық мирасқорлық тақырыбы өкінішке орай, шетте қалғандығын көруге болады.

Зияткерлік меншік саласындағы шарттар ерекше қызығушылыққа ие, өйткені, цивилист-ғалымдар көп жағдайда азаматтық-құқықтық шарттар жүйесін анықтау кезінде аталмыш саланы тыс қалдырып жатады. Салдарынан зияткерлік меншік саласындағы шарттарға қатысты мәселелер шешімін таппауда және зияткерлік қызмет нәтижелерін пайдалануға байланысты шарттардың құқықтық табиғаты әлі де зерттеуді талап етеді, қазіргі цивилист ғалымдардың зияткерлік меншік саласындағы шарттарды жал-

пы қабылданған шарттар жүйесіне қосуға деген талпыныстары оң нәтиже бермеуде.

Осы және өзге де туындаған мәселелер нақты ұстанымдар мен дәйекті көзқарастарды қажет етеді.

### Материалдар мен әдістері

Заң ғылымында мұрагерліктің түсінігі дәстүрлі нысанда құқықтар мен міндеттердің екінші тұлғаға ауысуын немесе өтуін білдіреді. Алайда, біздің пайымдауымызша, барлығы мұрагерліктің түріне байланысты, өйткені, әмбебап мұрагерлік жағдайында «ауысу» термині қолданылады, ал ішінара мұрагерлік жағдайында (сингулярлық мұрагерлік) құқықтар мен міндеттерді «беру» және «ұсыну» терминдері қолданылады.

Құқықтық мирасқорлық тақырыбында зерттеу жүргізген ғалымдардың ішінде қазақстандық белгілі цивилист М.К. Сүлейменовтің 2023 жылы жарық көрген «Азаматтық құқықтағы құқықтық мирасқорлық» атты монографиясын атауға болады.

Академик М.К. Сүлейменов өзінің ғылыми еңбегінде мұрагерлік мәселелерін зерттеуге өзіндік үлес қосып жүрген бірқатар авторлардан бөлек, С.А. Косоруковтың 2006 жылғы «Ресей Азаматтық құқығы бойынша міндеттемедегі сингулярлық мұрагерлік теориясы мен практикасының негізгі мәселелері» атты еңбегіне (Косоруков 2006: 24), С.В. Корнихинаның 2007 жылғы «Ресей азаматтық заңнамасы бойынша айрықша құқықтардағы мұрагерлік» (Корнихин 2007: 29), А.А. Тебряевтың 2010 жылғы «Мұрагерліктің» азаматтық құқық категориясы ретіндегі ұғымы туралы» (Тебряев 2010: 254), Л.А.Новоселованың 2017 жылғы «Ресей заңнамасы бойынша зияткерлік мұрагерлік құқықтары» еңбегіне (Новоселова 2017: 112) және өзге де ғалымдардың еңбектеріне сілтеме жасайды (Мелузова 2003: 24; Косинков 2017:26; Прокопенко 2006: 24; Рождественская 2013: 26; Нагродская 2018: 34; Маторина 2013:29; Орлова 2010: 30; Усов 2015: 37)

Мұрагерлік ұғымын зерделей отырып, ғалымдардың зерттеулеріне жүгінсек. Сонымен, Д.В. Носовтың пікірінше, құқықтық мирасқорлық деп құқық қатынастары субъектісінің жеке басымен байланысты емес және субъектілік құрамның заңдармен тыйым салынбаған өзгеруін білдіретін құқықтық қатынастар қа-

сиетін таниды, бұл ретте субъективтік құқықтарды және (немесе) заңдық міндеттерді туындауы иелену тәртібімен олардың бір тұлғадан (құқық иеленушіден) сол бір адамға (құқық мирасқорына) қатысты басқа тұлғаға (құқық мирасқорына) ауысуы құқықтық қатынастар объектісін құрайды. Құқықтық мирасқорлық үшін құқықтық қатынастар субъектісін құқықтық қатынастарға қатысу үшін қажетті құқықтық қабілеттілік көлеміне ие басқа субъектімен ауыстыру жолымен оның өзгеруі тән, бұл құқықтық қатынастардың өзгеруіне әкеп соғады (Носов 2011: 8).

А.А. Тебряев мұрагерлік институтына қатысты тек белгілі бір жеке тұлғаның субъективтік құқықтары туралы айтуға болатындығын алға тартады. Олар өздігінен басқа тұлғаға (құқықтық мирасқорға) «ауыса алмайды», өйткені оның құқықтық мирасқорлық тәртібімен өзінің субъективтік құқықтары пайда болады. Сонымен бірге, мұрагердің субъективтік құқықтары құқық берушінің субъективтік құқықтарынан туындайды (Тебряев 2010: 254).

Д.В. Носов та өз еңбектерінде де дәл осындай ерекшелікті атап өтеді, ол мирасқорлық бұл субъективтік құқықты немесе құқықтық жауапкершілікті алу деп түсіндіреді. Мұндай құқық иеленуді сипаттайтын негізгі белгі – сатып алынған құқық немесе міндеттеме мен бастапқы құқықтық қатынас арасындағы байланыс болып табылады. Мұндай құқық иеленудің басты сипаттаушы белгісі болып құқық иеленушілік немесе міндеттілік пен бастапқы құқықтық қатынастар арасындағы байланыс табылады (Носов 2013а: 38).

Осылайша, мұрагерлік фактісінің нәтижесінде субъективтік мазмұны өзгермейді, тек белгілі бір құқықтың субъектісі өзгереді.

Заң әдебиеттерінде құқықтық мирасқорлықтың жіктелуі келесідей түрге бөлінеді:

1. Құқықтық мирасқорлық кезінде субъект ауыстырылатын құқықтық қатынастардың санына байланысты сингулярлық құқықтық мирасқорлық (субъект бір құқықтық қатынаста немесе бір заңды фактінің немесе заңды фактілер құрамының негізінде бірнеше құқықтық қатынаста ауыстырылады) және әмбебап құқықтық мирасқорлық (субъект қатысатын барлық құқықтық қатынастарда бір заңды фактінің немесе заңды фактілер құрамының негізінде ауыстырылады) бөлінеді.

2. Субъектінің құқықтық қатынастарды өзгертуге деген ерік-жігерінің болуына байланысты осы субъектіні ауыстыру жолымен құқық берушінің еркі болмаған кезде («мәжбүрлі құқықтық мирасқорлық») ерікті мұрагерлік пен құқықтық мирасқорлықты бөліп көрсету орынды болады. Жеке құқықта құқық иеленушінің еркі болмаған жағдайда жүзеге асырылатын мәжбүрлі құқықтық мирасқорлық бар екені ерекше атап өтіледі.

1. Құқықтық қатынастарға түсуші құқық иеленуші субъектінің түріне қатысты жеке құқық қатынастар субъектілерінің құқықтық мирасқорлығын бөліп көрсеткен жөн.

2. Құқық салаларының материалдық және іс жүргізу саласы деп бөлінуіне байланысты құқық теориясында материалдық құқықтық мирасқорлық пен іс жүргізу құқықтық мирасқорлығын жеке қарастыру қажет (Носов 2011б: 9). Құқықтық мирасқорлық құқық теориясындағы жалғыз жіктемесі емес. Сондай-ақ, Мирасқорлық негіздерін шарттық және шарттан тыс деп бөліп қарастырамыз.

С.В. Корнихиннің пікірінше, шарттық негіздерге тараптардың келісімі бойынша жүзеге асырылатын айрықша құқықтарды берудің барлық нысандары (авторлық тапсырыс шарты, патентті иеліктен шығару туралы шарт және басқалары, коммерциялық концессия шарты, лицензиялық және т.б.) жатады (Корнихин 2007: 21). Шарттан тыс мирасқорлық шаруашылық серіктестігінің немесе қоғамның жарғылық (жинақтамалы) капиталына салым ретінде айрықша құқықтарды енгізу салдарынан туындайтын сабақтастықты қамтиды; заңды тұлғаларды қайта ұйымдастыру салдарынан айрықша құқықтардың ауысуы, мұрагерлік шеңберінде туындайтын мұрагерлік, сондай-ақ мемлекеттік немесе муниципалдық меншікті жекешелендіру актілеріне ілеспе мұрагерлікті қамтиды (Корнихин 2007: 21).

Айта кету керек, Қазақстанда муниципалдық меншік жоқ, керісінше мемлекеттік меншікті республикалық және коммуналдық меншікке бөлу қарастырылған.

Д.В. Носов құқықтық қатынастарға түсетін құқық иеленуші субъектінің түріне қарай құқық қатынастардағы жеке және ұжымдық субъектілердің құқықтық мирасқорлығын бөліп қарастырады (Носов 2013в: 62).

Сондай-ақ, құқық салаларын материалдық және іс жүргізу салаларына бөлу негіздерін есеп-

ке ала отырып, құқық теориясында материалдық мирасқорлық және іс жүргізу мирасқорлығы туралы сөз қозғауға болады (Носов 2013в: 63).

Әмбебап құқықтық мирасқорлыққа қатысты құқық мирасқорына белгілі бір құқықтар мен міндеттердің жиынтығының белгілі бір тұлғаның құқықтары мен міндеттерінің барлық жиынтығына (мүлікті мұраға қалдыру, заңды тұлғаларды қайта ұйымдастыру кезінде) өту жағдайлары бар екенін атап өткен жөн. Сингулярлық құқықтық мирасқорлық – нақты субъект қатысатын бір немесе бірнеше құқықтық қатынастардағы құқықтық мирасқорлық (Носов 2013: 65).

Бұдан басқа, сингулярлық құқықтық мирасқорлық мәжбүрлі нысанда болуы тиіс. Мысалы, ҚР Патент заңында мәжбүрлеу лицензиясы көзделген (ҚР Патент заңы 11 бап, 4 т.).

С.А. Косоруков талап ету құқықтарының ауысуы туралы жекелеген нормаларды заң негізінде қолданудың даулы аспектілерін атап өтеді (Ресей Федерациясының Азаматтық кодексінің 313-бабының 2-тармағы және Ресей Федерациясының Азаматтық кодексінің 365-бабы), Осы жағдайларда міндеттемедегі сингулярлық мирасқорлықтың мақсаты жаңа несие берушінің заңды мүдделерін қорғау немесе кепілдік беру (борышкер) міндеттеме бойынша және міндеттеме бойынша бастапқы несие берушінің (борышкердің) еркінен тыс орын алады (Косоруков 2006: 16).

С.А. Косоруковтың пікірімен біз де қосыламыз, құқықтық мирасқорлық шын мәнінде мәжбүрлі нысанда болуы тиіс. Сондай-ақ бұл тұжырымнан құқықтық мирасқорлықтың заңдылығы туралы көзқарас туындайды.

Сонымен қатар, шарттық мұрагерліктің де ерекшеліктерін атауға болады. Ғалым С.В. Скрябин өзінің «Кәсіпорынды сату шартындағы мұрагерліктің кейбір мәселелері» атты мақаласында кәсіпорындарды сату шартында Кәсіпорынды сату жеке (сингулярлық) мұрагерлік жағдай болып табылады және сатып алу-сату шартында сатып алушыға аталған мүліктік құқықтар мен міндеттер кешені ғана өтеді деген қорытындыға келеді. Сот тәжірибесі көрсеткендей, автор сатып алу-сату шартында мүліктік кешен ретінде кәсіпорынның құқықтары мен міндеттерінің толық ауысу презумпциясын, яғни әмбебап мұрагерлік жағдайын қарастырады (Скрябин <https://online.zakon.>

kz/Document/?doc\_id=30008048&pos=63;-35#pos=63;-35).

Құқықтар мен міндеттерді табыстау тараптардың келісіміне негізделген кезде мұрагерлік шартты нысанда болуы мүмкін және мұрагерлік шарт әмбебап немесе сингулярлық нысанда да болуы мүмкін, десе де бұл шарттың талаптарына байланысты болып табылады.

М.К. Сүлейменов транслятивтік (транзиттік) құқықтық мирасқорлықты жеке бөліп қарастырады, яғни ол құқық иеленуші (актор) құқық мирасқорына (сукцессорға) құқық және/немесе міндеттерді табыстайтын құқықтық мирасқорлық деп пайымдайды. Міндеттемедегі тұлғаларды мұраға қалдырудың немесе өзгертудің классикалық мысалдары. Конституциялық құқықтық мирасқорлық – құқық иеленуші (актор) өз құқықтарының және/немесе міндеттерінің бір бөлігін ғана құқық мирасқорына (сукцессорға) табыстайтын, алайда, құқықтардың және/немесе міндеттердің қандай да бір бөлігін өзінде қалатын құқықтық мирасқорлықтың түрі (Сулейменов 2023: 52).

Зияткерлік меншік құқығында құқықтардың 2 түрі бар: мүліктік (яғни айрықша) және жеке мүліктік емес құқықтар.

Зияткерлік шығармашылық қызметтің нәтижелеріне жеке мүліктік емес құқықтар берілмейді, табысталмайды және ауыспайды, иеліктен шығарылмайды, ҚР АҚ 963-бабына сәйкес, жеке мүліктік емес құқықтар, оның мүліктік құқығына қарамастан, авторға тиесілі болады және оның мүліктік құқығы басқа тұлғаның интеллектуалдық шығармашылық қызметінің нәтижелеріне ауысқан жағдайда өзінде сақталып қалады. Бұл жеке мүліктік емес құқықтармен сипатталады және абсолютті болып табылады.

Жеке мүліктік емес құқықтар мирасқорлыққа берілмесе де, мұрагерлер зияткерлік меншік объектілеріне жеке мүліктік емес құқықтарын қорғауды жүзеге асырады. Айрықша құқықтарға келетін болсақ, мирасқорлық бөлігінде көптеген ерекшеліктер бар. Қарастыралық.

Академик М.К. Сүлейменов өзінің монографиясында ҚР АҚ 965-бабының 1-тармағын талдауда айрықша құқықтардың үшінші тұлғаға ауысуы шарттардың екі түрімен делдал болуы мүмкін деген қорытындыға келеді:

- айрықша құқықты иеліктен шығару туралы шарт (айрықша құқықтардың толығымен басқа тұлғаға ауысуы);

- лицензиялық шарт (айрықша құқықтардың басқа тұлғаға ішінара ауысуы) (Сулейменов 2023: 190).

Алайда, бұл тұжырыммен келісуге болмайды. Біріншіден, ҚР Заңнамасы бойынша айрықша құқықтарды беру толығымен де, ішінара да мүмкін екендігіне назар аударған жөн, бұл ретте зияткерлік меншіктің әрбір объектісіне оларға айрықша құқықты құрайтын өкілеттіктері бар. Табыстау шарты бойынша (иеліктен шығару) айрықша құқықтың өкілеттіктерін толық немесе ішінара беру және лицензиялық шарт бойынша айрықша құқықтың өкілеттіктерінің толық көлемінде немесе бір бөлігі берілуі мүмкін және осыған байланысты лицензиялық шарттардың түрлері де ерекшеленеді.

Екіншіден, М.К. Сулейменов ауысу, табыстау, айрықша құқықтарға билік ету терминдеріне талдау жүргізеді, алайда, автор тарапынан ҚР қолданыстағы заңнамасының нормалары, зияткерлік меншік құқығының қазіргі тұжырымдамалары ескерілмейді.

Осы орайда, зияткерлік меншік объектілеріне айрықша құқықтарға қатысты беру, табыстау, иелік ету ұғымдарын түсіну қажет.

Бұл жерде М.К. Сүлейменов зияткерлік меншік саласындағы мамандардың азаматтық құқықтың жалпы теориясының ережелерін қаншалықты қолданғысы келмейтіндігін немесе қолдана алмайтындығын баса көрсетеді. Бұдан туындайтын сұрақ, АҚ нормалары қолданылуы мүмкін бе?

Әрине, мүмкін, алайда ҚР Азаматтық кодексі зияткерлік меншік құқығы туралы жалпы ережелерді анықтайды, ол ҚР арнайы заңнамасында көзделген.

Бәлкім, академик М.К. Сүлейменов осы мақаланың авторы А.А. Амангелдінің еңбектеріндегі терминдерді қолдану проблемаларына ерекше назар аударылғанын, Қазақстан Республикасының заңдарындағы нормаларды ескере отырып, «билік ету», «беру», «иеліктен шығару» ұғымдарына анықтама бере білген диссертациялық зерттеуінде ерекше назар аударылғаны фактісін ескермеген болуы мүмкін (Амангельды 2015а: 6). Автордың ғылыми еңбектерінде бұл міндет орындалды, өйткені тұжырымдамалық аппаратты қолданудағы олқылықтарды болдырмау үшін осы тұжырымдамалар бойынша авторлық көзқарас тұжырымдалды (Амангельды 2015а:12). М.К.Сүлейменов

болашақта автордың ғылыми кеңесшісі болуы әбден ықтимал.

Осы мәселелерді шешу үшін ҚР Азаматтық кодексінің нормаларына және зияткерлік меншік саласындағы ҚР арнайы заңнамасына кешенді түрде жүгінеміз.

ҚР АҚ 965 бабына сәйкес егер осы Кодексте немесе өзге де заңнамалық актілерде өзгеше көзделмесе, зияткерлік меншік объектісіне айрықша құқықтарды олардың құқық иелері шарт бойынша толық немесе ішінара басқа адамға беруі мүмкін, сондай-ақ мұрагерлік бойынша әмбебап құқықтық мирасқорлық тәртібімен және заңды тұлғаның – құқық иесінің қайта ұйымдастырылуы нәтижесінде ауысады (Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (ерекше бөлім) Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі N 409 Кодексі).

«Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы N 6-І Заңының (бұдан әрі – ҚР АСҚ) 30 бабының 1 тармағына сәйкес авторлық құқық шарт бойынша және мұра ретінде беріледі («Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы N 6-І Заңы).

ҚР АСҚ 31 бабының 1 тармағына сәйкес автордың осы Заңның 16-бабында аталған мүліктік құқықтары толық немесе ішінара берілуі, сондай-ақ айрықша құқықтарды беру туралы авторлық шарт бойынша немесе айрықша емес құқықтарды беру туралы авторлық шарт бойынша пайдалану үшін берілуі мүмкін («Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы N 6-І Заңы).

«Қазақстан Республикасының Патент Заңы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі N 427 Заңының (бұдан әрі – патент заңы) 11-1 бабының 1 тармағына сәйкес патент иеленуші өзіне тиесілі өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқықты өзгеге беру шарты бойынша басқа жеке немесе заңды тұлғаға беруге құқылы («Қазақстан Республикасының Патент Заңы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі N 427 Заңы). Өнеркәсіптік меншік объектісін пайдалану құқығын беру лицензиялық шарт негізінде жүзеге асырылады.

«Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі N 422 Заңының (бұдан әрі – Се-

лекциялық заң) 16 бабына сәйкес селекциялық жетістікке өтінім беру және оған патент алу құқығы, селекциялық жетістікті пайдалануға, сондай-ақ сыйақыға және оны пайдаланудан түскен кіріске айрықша құқық мұра ретінде немесе құқықтық мирасқорлық тәртібімен ауысады («Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі N 422 Заңы).

Селекциялық заңның 18 бабында көрсетілгендей, патент иеленуші болып табылмайтын кез-келген тұлға (лицензиат) қорғалатын селекциялық жетістікті патент иеленушінің (лицензиар) рұқсатымен лицензиялық шарт, кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты немесе лицензиармен жасалатын, лицензиялық шарттың талаптарын қамтитын өзге де шарт (лицензиялық шарт) негізінде пайдалануға құқылы.

«Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2001 ж. 29 маусымдағы № 217-ІІ Заңының 8 бабына сәйкес топологияға айрықша құқық басқа тұлғаға шарт бойынша толығымен немесе ішінара берілуі мүмкін, сондай-ақ мұрагерлік бойынша әмбебап құқық мирасқорлығы тәртібімен және құқық иеленуші заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуы нәтижесінде өтеді. Лицензиялық шарт бойынша құқық иеленуші (лицензиар) екінші тарапқа (лицензиатқа) топологияны белгілі бір әдіспен уақытша пайдалану құқығын береді («Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 29 маусымдағы N 217 Заңы).

«Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 26 шілдедегі N456 Заңының (бұдан әрі – Тауар белгісі туралы заң) 21 бабының 1 тармағына сәйкес барлық тауарларға (көрсетілетін қызметтерге) не олардың бір бөлігіне қатысты тауар белгісіне айрықша құқық өзгеге беру шарты бойынша берілуі мүмкін («Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 26 шілдедегі N 456 Заңы).

Жоғарыда келтірілген ережелерден ҚР заңнамасында «билік ету», «табыстау», «өту» ұғымдарына бірыңғай ғылыми көзқарас жоқтың қасы.

Осылайша, *табыстау* деп авторлық құқық иесінің құқықтарының толық немесе ішінара ауысуы, яғни табыстау шартының немесе құқық иесінің толық немесе ішінара ауысуы орын алатын өзге де аралас шарттың негізінде айрықша құқықтарды иеліктен шығару түсінілуі керек.

Өту бұл заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру нәтижесінде азаматтық құқық теориясында да, ҚР заңнамасында да айрықша құқықтық мирасқорлықты білдіреді.

Айрықша құқықтарды *беру* лицензиялық шарт немесе лицензиялық шарттың талаптарын қамтитын өзге де аралас шарт арқылы жүзеге асырылады.

Бұл көзқарас автордың 2023 жылы №1 «Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат институтының Хабаршысы» журналында жарияланған «Зияткерлік меншік саласындағы құқықтардың айналым қабілеттілігі» мақаласында дәйектелген (Амангельды 2023б:72-81).

Бұл басылымдарда лицензиялық және авторлық шарттар ұғымдарында да сәйкессіздіктер орын алатындығы атап өтіледі (Амангельды 2022в:85-93; А.А. Амангельды 2023:60-66). АҚ 966 бабына сәйкес, лицензиялық шарт бойынша интеллектуалдық шығармашылық қызметтің нәтижесіне немесе дараландыру құралына айрықша құқықты иеленуші тарап (лицензиар) екінші тарапқа (лицензиатқа) интеллектуалдық меншіктің тиісті объектісін белгілі бір әдіспен уақытша пайдалану құқығын береді («Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (ерекше бөлім)» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі N 409 Кодексі).

«Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңның 2 бабының 4 тармағына сәйкес авторлық шарт – нысанасы бір немесе бірнеше авторлық құқық объектілерін пайдалануға мүлктік құқықтарды беру болып табылатын шарт болып табылады («Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы N 6-І Заңы).

Авторлық шарт бұл бірлескен автор, авторлық құқық иесі немесе оның мұрагерлері жасаған ғылым, әдебиет және өнер туындысын пайдалану туралы келісім-шарт, нәтижесінде сыйақы үшін беруге заңмен тыйым салынбаған туындыларға айрықша құқықтар беріледі немесе беріледі.

ҚР «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңындағы олқылық мынада: егер авторлық шарт лицензиялық шарттың түріне жататын болса, онда ұсыну терминін қолдану қажет, алайда ҚР авторлық заңды заң шығарушы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік саласындағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2018 жылғы 20 маусымдағы № 161-VI ҚРЗ заңындағы өзгерістерді есепке алмаған.

Осыған байланысты, авторлық шарт ұғымына қатысты ҚР «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» заңның ережелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттігін қарастырамыз. Өз кезегінде, ҚР «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» заңына «табыстау» термині басқаға беру туралы шартқа, яғни айрықша құқықтарды иеленушінің толық немесе ішінара ауысуы орын алатын айрықша құқықты иеліктен шығару туралы шартқа қолданылуы тиіс.

Алайда, айрықша құқықтардың ерекшелігі оның мазмұнында екендігіне назар аударған жөн. Айрықша құқықтардың мазмұны зияткерлік меншік объектісіне байланысты. Осылайша, зияткерлік меншіктің қандай да бір объектісіне айрықша құқықтың (өкілеттіктер көлемінің) мәні мен мазмұны мәмілелер оларға сәйкес айрықша құқықтар берілетін, берілетін немесе ауысатын шарттың талаптарына тікелей әсер етеді.

Айта кету керек, ҚР Азаматтық кодексінің 964, 965-баптарына сәйкес табыстауды толығымен немесе ішінара беруге немесе жүзеге асыруға болады, бұл зияткерлік меншік объектілеріне айрықша құқықтардың айналым қабілеттілігінің ерекшелігін тағы бір рет көрсетеді.

Осыған байланысты, мұрагерлікке қатысты «өту» дегеніміз – мұрагерлік тәртібімен жүзеге асырылатын әмбебап мұрагерлік, ал «табыстау» және «беру» терминдері шарттық мұрагерлікті білдіреді.

«Иеліктен шығару», «табыстау», «беру» терминдерін дұрыс қолдану үшін айрықша құқықтың табиғатын ескермеуге болмайды, айрықша құқықтар азаматтық құқық теориясында, ҚР Азаматтық кодексінде мүлктік құқықтардың жеке санатына бөлінген!

Осы ұстанымды дәйектейтін зияткерлік меншік объектілеріне мүліктік құқықтардың ерекше сипатын көрсететін тағы бір ерекшелігі – мұрагерліктің мәжбүрлі түрі мәжбүрлі лицензия негізінде, яғни сот арқылы лицензиялық шарт жасасу арқылы жүзеге асырылады. Бұл институт Патенттік Заңның 11-бабының 4-тармағында бекітілген, демек, сингулярлық мұрагерлік мәжбүрлі болуы мүмкін («Қазақстан Республикасының Патент Заңы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі N427 Заңы).

Академик М.К. Сүлейменов өзінің монографиясында әмбебап мұрагерлік – бұл ерекше мұрагерлік құқықтардың бастапқы сатып алушының мұрагерлеріне ауысуы, сондай-ақ заңды тұлға қайта құрылған жағдайда. Сингулярлық мұрагерлік-бұл келісім-шарт негізінде жеке айрықша құқықтардың ауысуы деп пайымдайды (Сулейменов 2023: 187).

Біз «өту» терминін сингулярлық мұрагерлікке қатысты екендігімен келіспейміз, өйткені шарт негізінде «табыстау» немесе «билік ету» орын алады. Мұрагерлік термині 1) «өту», 2) «табыстау» (иеліктен шығару, концессия) және 3) «беру» сияқты ұғымдарды қамтиды.

Сонымен қатар, М.К. Сүлейменовтің келесі тұжырымдарымен түбегейлі келіспейміз, оның пікірінше: 1) айрықша құқықтарды иеліктен шығару туралы шарт- бұл өтпелі құқықтық мирасқорлық; 2) айрықша құқық толығымен өтеді; 3) жаңа субъект пайда болады; 4) лицензиялық шарт-бұл конституциялық мирасқорлық; 5) айрықша құқық толығымен өтпейді (Сулейменов 2023: 193).

Бұл жағдайда АК 965 бабының 1 тармағында көрсетілгендей, егер осы Кодексте немесе өзге де заңнамалық актілерде өзгеше көзделмесе, зияткерлік меншік объектісіне айрықша құқықтарды олардың құқық иелері шарт бойынша толық немесе ішінара басқа адамға беруі мүмкін, сондай-ақ мұрагерлік бойынша әмбебап құқықтық мирасқорлық тәртібімен және заңды тұлғаның – құқық иесінің қайта ұйымдастырылуы нәтижесінде ауысады («Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі (ерекше бөлім)» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі N 409 Кодексі).

Айрықша құқықтарды иеліктен шығару кезінде жаңа субъект пайда болады, алайда айрықша құқықтарды толығымен немесе ішінара

өткізу кезінде иеліктен шығарушының кейбір өкілеттіктері сақталады.

Лицензиялық шарт бойынша айрықша құқық толығымен өтпейді, құқық толығымен берілуі немесе өкілеттіктердің бір бөлігі беріледі.

Академик М.К. Сүлейменов зияткерлік меншік саласындағы шарттардың жіктелуін қатты сынға алады (Сулейменов 2023:194-195). Бұл жіктеу зияткерлік меншік саласындағы шарттардың ерекшеліктерін көрсету мақсатында келтірілген, өйткені айрықша құқықтардың табиғаты мен олардың ерекшеліктері, зияткерлік меншік саласындағы шарттардың жіктелуіне мүмкіндік бермейді. Осыған байланысты, мақала авторы М.К. Сүлейменовтің еңбек шарты мен мердігерлік шарттан басқа, осы шарттардың бәрін бастапқы құқық иеленушіден құқық мирасқорына айрықша құқықтардың ауысуына ықпал ететін шарттарға жатқызуға болады деген тұжырымымен келіспейді (Сулейменов 2023: 195). Айрықша құқықтардың ауысуы шарттың күшімен емес, заңды тұлғаның мұрагерлігі немесе қайта ұйымдастырылуы салдарынан жүзеге асырылады.

Әрине, еңбек шарты мен мердігерлік шарт құқықтық мирасқорлыққа делдал болмайды, өйткені бұл шарттар бойынша зияткерлік меншік объектілері құрылады, кейіннен жұмыс берушіге немесе тапсырыс берушіге айрықша құқық беріледі.

М. К. Сүлейменов айрықша құқыққа билік ету екі нысанда жүргізіледі деп жазады: айрықша құқықты иеліктен шығару туралы шарт және лицензиялық шарт. Алайда, билік ету осы екі нысанмен шектелмейді, ғалым осы әдістердің барлығын бір терминмен яғни «айрықша құқықты басқару» деп атауды дұрыс деп санайды (Сулейменов 2023: 196).

Бұл ұсынысты осы мақаланың авторы 2015 жылы енгізген болатын. Айрықша құқықтарға билік ету – бұл айрықша құқықтардың заңды тағдырын екі түрде анықтау мүмкіндігі:

1) айрықша құқықтар беру айрықша құқықтарды құқық иеленушіден пайдаланушыға толық немесе ішінара беруді білдіреді, бұл ретте құқық иеленушінің ауысуы болмайды;

2) айрықша құқықтарды иеліктен шығару (басқаға беру) айрықша құқықтарды қайтарымсыз беруді білдіреді, бұл ретте егер иеліктен шығару толық жүргізілсе, онда құқық иесі үшін бұл айрықша құқықтардың толық жоғалуын білдіреді, егер ішінара болса, онда ол айрықша құқық-



тар шеңберіне кіретін өкілеттіктердің белгілі бір бөлігін жоғалтады, ал қалғанын – құқық иесі өзіне қалдырады. Осылайша, айрықша құқықтарды иеліктен шығару кезінде құқық иесінің ауысуы орын алады (Амангельды 2015а: 12).

Мүліктік айрықша құқықтардың сабақтас-тығы саласында мұрагерлік пен шарттар туралы айту әдеттегідей. Мүліктік айрықша құқықтардың ерекшелігі – олар тұрақты, сондықтан олар мұрагерлікке ауысады немесе қалған мерзімге шарт бойынша беріледі (табысталады).

«Мирасқорлық» термині «мұрагерге» қарағанда әлдеқайда кең ауқымды ұғым. ҚР Патенттік Заңында тек құқық мирасқоры термині (10, 34-1-баптар), ал Авторлық құқық туралы ҚР Заңында (5-баптың 1-тармағы, 42-баптың 8-тармағы), Тауар белгілері туралы ҚР Заңында (7-баптың 2-тармағы), Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы ҚР Заңында (4-баптың 2-тармағы, 5-баптың 1-тармағы, 13 бап), «Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы» ҚР Заңында (1-баптың 4-тармағы, 7-баптың 1-тармағы) «мұрагер» және «мирасқор» деген екі термин де қолданылады.

Заң әдебиеттерінде қайтыс болған азамат мүлкінің мирасқорлық тәртібімен басқа адамдарға ауысуы сақталып отырған құқықтық қатынастарда мүлікке құқықтар субъектісі ауыстырылатындығын білдіреді, бұл ретте мираскердің (мұрагердің) құқықтары мен міндеттері заңды түрде құқықтық мираскердің құқықтары мен міндеттеріне байланысты болады деп жазады (Новоселова 2017: 14).

Мақала авторы мұрагерлік кезінде айрықша құқықтар толығымен немесе ішінара өтеді деп санайды, себебі, ҚР Азаматтық кодексінің 965-бабының 1-тармағының мазмұнына сүйене отырып, айрықша құқық бөлінеді, сондықтан мұрагерлер арасындағы айрықша құқықты бөлуге болады.

«Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» заңның 17 бабының 2 тармағына сәйкес бейнелеу өнері туындысының түпнұсқасын жария түрде (аукцион, бейнелеу өнерінің галереясы, көркемдік салоны, дүкен және сол сияқтылар арқылы) қайталап сатқан әрбір жағдайда мұндай бейнелеу өнері туындысын меншіктену құқығынан бірінші рет айырылғаннан кейін автордың немесе оның мұрагерлерінің сатушыдан қайталап сату бағасының бес проценті мөлшерінде сыйақы алуға құқығы бар (қадағалау құқығы).

Авторды тірі кезінде аталған құқықтан айыруға болмайды және ол заң бойынша немесе қалдырған өсиеті бойынша авторлық құқық мерзімінде тек қана автордың мұрагерлеріне көшеді.

Сонымен қатар, аталмыш заңның 44 бабының 1 тармағына сәйкес ұйымдардың ұжымдық негізде басқару үшін алынған туындыларды және сабақтас құқықтардың объектілерін пайдалануға құқығы жоқ.

ҚР Патент заңының 11 бабының 14 тармағына сәйкес өнеркәсіптік меншік объектісіне қорғау құжаты және (немесе) оны алу құқығы мұрагерлік бойынша немесе құқықтық мирасқорлық тәртібімен беріледі. Патент иеленуші қорғау құжатын күшінде ұстап тұру үшін жыл сайын өтінім берген күнге сәйкес келетін күні төлем жүргізуге міндетті. Қорғау құжатын күшінде ұстап тұру үшін алғашқы төлем қорғау құжатын беру туралы мәліметтер жарияланған күннен бастап екі ай мерзімде жүргізіледі және өтінім берілген күннен бастап алдындағы жылдар үшін төлемді қамтиды.

«Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» заңның 16 бабына сәйкес Селекциялық жетістікке өтінім беру және оған патент алу құқығы, селекциялық жетістікті пайдалануға, сондай-ақ сыйақыға және оны пайдаланудан түскен кіріске айрықша құқық мұра ретінде немесе құқықтық мирасқорлық тәртібімен ауысады.

Сондай-ақ, «Интегралдық микросхемалар топологияларын құқықтық қорғау туралы» заңның 8 бабының 1 тармағына сәйкес, топологияға айрықша құқық басқа тұлғаға шарт бойынша толығымен немесе ішінара берілуі мүмкін, сондай-ақ мұрагерлік бойынша әмбебап құқық мирасқорлығы тәртібімен және құқық иеленуші заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуы нәтижесінде өтеді.

Осылайша, айрықша құқықтарды беру және табыстау айналым қабілеттілігінің шарттық тәсілдерін білдіреді, ал айрықша құқықтың ауысуы өсиет бойынша немесе өсиет болмаған жағдайда заң бойынша құқық иесінің өзгереді.

Айналым қабілеттілігінің шарттық әдістері және айрықша құқықтың ауысуы да өзара байланысты, мәселен, ҚР АҚ 909 бабының 1 тармағына сәйкес лицензия кешеніне кіретін қандай да болсын жекелеген айрықша құқықтың басқа тұлғаға ауысуы шартты өзгертуге немесе бұзуға негіз болып табылмайды. Жаңа құқық иеленуші басқаға ауысқан айрықша құқыққа қатысты құ-

қықтар мен міндеттер бөлігінде шартқа кіреді. Жаңа құқық иесі шарт жасасу кезінде ауысқан айрықша құқыққа қатысты құқықтар мен міндеттерге ие болады. Аталған баптың 2 тармағына сәйкес, лицензиар-азамат қайтыс болған жағдайда кешенді кәсіпкерлік лицензия шарты бойынша оның құқықтары мен міндеттері соңғысы тіркелген немесе мұрагерлік ашылған күннен бастап алты айдың ішінде кәсіпкер ретінде тіркелетін жағдайда мұрагерге ауысады. Өзге жағдайда шарт тоқтатылады. Өзге жағдайларда шарт тоқтатылады. Осылайша, айрықша құқықтың ауысуы құқық мирасқоры – айрықша құқықтың құқық иеленушісі кәсіпкер мәртебесінің болмауы бөлігінде Шарттың қолданылуына әсер ете алады.

Сондай-ақ, сыйға тарту шарты нысанында зияткерлік меншік құқығының қандай да бір объектісіне айрықша құқықты беру өтеусіз негізде жүзеге асырылады деп есептесек, онда ҚР АК 515 бабына сәйкес сыйға тарту шарты бойынша сыйға тартуға уәде берілген сый алушының құқықтары, егер сыйға тарту шартында өзгеше көзделмесе, оның мұрагерлеріне (құқық мирасқорларына) ауыспайды. Сыйға тартуға уәде берген сыйға тартушының міндеттері, егер сыйға тарту шартында өзгеше көзделмесе, оның мұрагерлеріне (құқық мирасқорларына) ауысады.

М.К. Сүлейменов өз монографиясында авторлық құқық объектілеріне еркін лицензиялар мәселелерін қарастырады. Алайда лицензияның бұл түрі «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» ҚР Заңында көзделмеген, алайда, Патенттік Заңның 14-2-бабында ашық лицензия қарастырылған, «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» заңның 19 бабында патент иеленуші кез келген тұлғаға селекциялық жетістікті пайдалануға лицензия алу құқығын беру туралы сараптама ұйымына өтініш бере алады (ашық лицензия) («Қазақстан Республикасының Патент Заңы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі N 427 Заңы; «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі N 422 Заңы). Сондықтан барлық зияткерлік меншік құқығы институттары үшін лицензиялық шарттарды біріздендіру мәселесі шешімін әлі де тапқан емес.

М.К. Сүлейменов сатып алу-сату шартымен айрықша құқықтарды иеліктен шығару туралы

шартты мойындаудың қажеті жоқ деп пайымдайды, алайда бұл шарт мүлікті меншікке иеліктен шығару туралы шарттар тобына жататыны сөзсіз (Сулейменов 2023: 200). Ғалым зияткерлік меншік құқығының меншікті теориясын ұстанатыны анық, десе де, тек ҚР заңнамасы зияткерлік меншік құқығын меншік құқығынан ажырататын өзге тұжырымдаманы ұстанады. Меншік құқығы мен зияткерлік меншік құқығы табиғатта мүлдем өзгеше, алайда ұқсастығы – олардың екеуі де абсолютті құқықтар болып табылады.

Сатып алу-сату шартының нормаларын иеліктен шығару туралы шартқа қолдануға қатысты, табыстау шартының немесе лицензиялық шарттың талаптары өзге шарттардың талаптары болуы мүмкін екендігі туралы 2018 жылғы өзгерістер туралы ҚР Заңымен енгізілген ережелерге жүгінген абзал.

«Селекциялық жетістіктер туралы» ҚРЗ 20-1-бабында, 2018 жылғы өзгерістер туралы ҚР Заңының редакциясында баяндалған ҚР Патенттік Заңының 11-1-бабында патент иеленушінің өзіне тиесілі Өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқықты басқаға беру шарты бойынша басқа жеке немесе заңды тұлғаға беруге құқылы екендігі көзделеді. Селекциялық жетістікке айрықша құқықты беру туралы шарт осы айрықша құқықтың қолданылу мерзімі ішінде жазбаша нысанда жасалады.

Иеліктен шығару өтеулі де, өтеусіз де болуы мүмкін, сондықтан айрықша құқықты беру (табыстау, иеліктен шығару) туралы шартқа сатып алу-сату, айырбастау шартының нормалары ғана емес, сонымен қатар 2018 жылғы ҚР заңнамасының өзгеруіне байланысты сыйға тарту шарты да қолданылуы мүмкін.

М.К. Сүлейменов ғалым О.А. Рузакованың сөзіне дәйек келтіре отырып, онымен толық келіседі, алайда оның ҚР емес, Ресей Федерациясының заңнамасы бойынша қорытынды жасайтынына назар аудару қажет (Сулейменов 2023: 201). О.А. Рузакованың алғашқы екі тұжырымымен келісуге болмайды, өйткені шарт өту емес, табыстау немесе билік ету болып табылады, иеліктен шығару (беру, беру) шарты бойынша айрықша құқықты толығымен немесе ішінара беру жүзеге асырылады (Амангельды 2019г: 33-40).

Концессия және беру ұғымдарына қатысты бұл мәселені автор бұрын қарастырғанын атап өткен жөн. Айрықша құқықтарды беру шартын айрықша құқықтар толығымен немесе ішінара

иеліктен шығарылатын шарт деп тану керек, егер айрықша құқық толық көлемде берілсе, онда құқық иеленушінің тұлғасы өзгереді және автордың өзі ғана емес, сонымен бірге кейінгі құқық иелері де айрықша құқықтарды иеліктен шығара алады (Амангельды 2015а: 55-57; Амангельды 2019г: 45-49).

2018 жылғы өзгерістер туралы Заң ҚР Патент Заңының 11-1-бабының 1-тармағымен толықтырылды, онда патент иеленуші өзіне тиесілі өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқықты өзгеге беру шарты бойынша басқа жеке немесе заңды тұлғаға беруге құқылы («Қазақстан Республикасының Патент Заңы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі N 427 Заңы).

патент иеленуші өзіне тиесілі Өнеркәсіптік меншік объектісіне айрықша құқықты басқаға беру шарты бойынша басқа жеке немесе заңды тұлғаға беруге құқылы

«Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы» Заңның 21 бабының 1 тармағына сәйкес барлық тауарларға (көрсетілетін қызметтерге) не олардың бір бөлігіне қатысты тауар белгісіне айрықша құқық өзгеге беру шарты бойынша берілуі мүмкін. Ал, егер тауар белгісіне айрықша құқық беру тауарға немесе оны жасаушыға қатысты жаңылыстыруға себепші болса, оған жол берілмейді («Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 26 шілдедегі N456 Заңы).

